

Жарғы	
Жоба атауы	Орман сақшысы (Fireline)
Бастамашылар	<p>1.Асқаров Мақсат- Жамбыл облысы ПД СЭҚТ бас маман - санитарлық дәрігері.</p> <p>2.Нүркерімова Айгерім – Жамбыл обл. Ішкі мемлекеттік Аудит департаментінің жоспарлау, талдау және есептілік бөлімінің бас маманы.</p> <p>3.Умарова Айнұр – Талас АПБ кеңсе жетекші маманы.</p> <p>4.Дәулет Жанель – Жамбыл облысы ПД ҚҚЕБ жетекші маманы.</p> <p>5.Базимова Аида – Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотының жетекші маманы.</p> <p>6.Әлібеков Нұрдәулет - Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотының жетекші маманы.</p> <p>7.Исақұлова Балжан – Тараз қаласы ПБ 1-ПБ жетекші маманы.</p> <p>8.Бекташова Гүлнұр - Жамбыл Облысы ПД ҚҚЕБ жетекші маманы.</p>
Жобаның іске асырылу мерзімі	2021 жылдың 01 маусым айынан 2021 жылдың 01 тамызына дейін.
Жобаның негіздемесі	<p>ҚР 2015 жылы 20 қазанындағы және 2003 8 шілдедегі «Орман кодексінің 63 – бабы, 2-тармағының 5 тармақшасында» көрсетілгендей орман өртінің алдын алу және оларды бақылау үшін құрылғыларды орнату.</p> <p>Ағымдағы жылы мемлекеттік орман қоры аумағында 17 орман өрті тіркелді (Байзақ ауданында 3 оқиға 341,06 га, Мойынқұм 3 оқиға 21240,7 га, Құлан 2 оқиға 485,4 га, Меркі 2 оқиға 6303,25 га, Ұланбел 2 оқиға 1239,3 га, Ақкөл 3 оқиға 2125,1 га, Жуалы 2 оқиға 3579,1 га, Қосқұдық 1 оқиға 11га).</p> <p>Орын алған орман өртінің көлемі 39424,9 га (орманмен қамтылған аумақ 17625,1 га, ормансыз жерлер 11079,1 га). Өрттен келген шығын 15 млн.353,6 мың теңге.</p> <p>Осыған орай Жамбыл облысы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтары үшін қашықтықтан өрттің алғашқы сатыларын анықтау тиімді болып табылады. Қашықтықтан бақылау құрылғыларының артықшылығы: өрт өте жылдам тарайтын болғандықтан, алдын ала байқап тіркеу арқылы уақытты үнемдеу.</p>
Жобаның өнімі	Жамбыл облысында орман және шаруа қожалықтарының өрт шығындарын азайту үшін тиімді құрылғылар орнату.
Жобаның smart мақсаты	2021 жылдың маусым айынан бастап Жамбыл облысында өрттің ықтимал себептерін жүйелі түрде зерттеп, алдын алу шараларын жүзеге асыру мақсатында Байзақ ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-не тиесілі орман шаруалық аумақтарына 5-қашықтықтан басқарылатын бейне датчиктерді, 5-инфракызыл камераларды, 5-дискретті датчиктерді (жылу бейнелеу датчиктері, автономды өрт детекторлары) үлкен биіктіктегі мұнараларға (байланыс жеткізушілерінің мұнаралары; жылжымалы мұнаралар; теледидар мұнаралары; жарықтандыру және байланыс мұнаралары.) орнату. Атап айтқанда Жамбыл облысы Байзақ ауданының Түймекент, Ақжар, Көкөзек, Сарбұрақ ауылдық округтерінің аймақтарына құрылғыларды іске қосуды ұйымдастыру.
Жобаның міндеті	<ul style="list-style-type: none"> • Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жобаны ұсыну. • Жамбыл әкімдігі тарапынан қолдау сұрау. • Осы салада білікті мамандар тарту. • Аяқталған жұмысты заңдастыру, орман шаруашылығындағы ІТ жобасын бекіту.

Жоба сәттілігінің критериилері	<ul style="list-style-type: none"> • Өрт жағдайында келіп түскен сигналды 10 минут ішінде зерттеу мүмкіндігін ескере отырып, уақытты үнемдеу арқылы өрт салдарынан болатын шығындарды 65 % азайту. • Үлкен өрттер үлесін 2 есе төмендету. • Орман және шаруа қожалықтарындағы өрт ошақтарын нақты анықтау арқылы бір реттік шығындарды 90 % минимизациялау. • Өрт жағдайындағы қызметтің негізгі көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік беру. • Орман өрттерінен жойылған өсімдік жамылғысының нақты аумағын 80 % қысқарту.
Стейкхолдерлер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2. Байзақ ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 3. Өрт сөндірушілер 4. Оператор (бақылаушы) 7. IT маманы 8. Шаруа қожалықтарының иелері
Жобаның шектеулері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Климаттық жағдайларға байланысты өрт қаупін бақылау мүмкіндігінің шектелуі. 2. Орналастырылған құрылыстардың болжанған аумақты толық қамти алмауға қатысты шектеулер.
Жобаның тәуекелдері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қаржының бөлінбей қалуы 2. Техникалық қиыншылықтар 3. Мұнараларды орналастыру жерінің дұрыс жоспарланбауы 4. Энергиямен жабдықталуының қиыншылықтары 5. Уақыттың дұрыс жоспарланбауы